

**БЕКІТЕМІН:**  
**ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы**  
**Әдіскері** Байыр **С.Түлекбаева**

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Мектепке дейінгі ұйым ; "Ақбөбек" балабақшасы**

**Топ:** мектепалды топ «Құлпынай»

**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар

**Қандай кезеңге жасалды :** 06.05- 10.05.2024ж.

**Педагогтың аты-жөні :** Утегенова Гүлдана

| Апта күндері                                                                                                                                             | Дүйсенбі                                                                                                                                                                                                        | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма                                                                                                                                                                                                            |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|----------|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                 |          |          |          |                                                                                                                                                                                                                 |
| <p style="text-align: center;"><b>Мамыр – бірлік және ынтымақ айы</b><br/> <b>«Жоқ, бірлік ақылға бірлік, малға бірлік емес». (Абай Құнанбайұлы)</b></p> |                                                                                                                                                                                                                 |          |          |          |                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Балаларды қабылдау</b>                                                                                                                                | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | .        |          |          | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. |
|                                                                                                                                                          | BilimKids дамытушы                                                                                                                                                                                              | -        | ,        |          | «Күй күмбірі»<br>Күйді қосып, балаларды                                                                                                                                                                         |

|                                                                                           |                                                                                                                                                                                                           |  |  |  |                                                                                                                                                           |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                           | <p>мультфильмді қосып қарсы алу.</p> <p>“Еркем-ай”</p> <p><a href="https://bilimkids.kz/media/video/erkem-ai">https://bilimkids.kz/media/video/erkem-ai</a></p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)</p> |  |  |  | қарсы алу.<br>(музыка)                                                                                                                                    |
| <p><b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b></p> | <p>Балалар суретінің көрмесі: «Әлем балалардың көзімен».</p> <p>Қолдан жасалған бұйымдар байқауының басталуы: «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала».</p>                                                 |  |  |  | <p>Суреттер көрмесі, асфальттағы суреттер байқауы.</p> <p>Қолдан жасалған бұйымдар байқауының қорытынды күні: «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала».</p> |
| <p><b>Балалардың іс-әрекеті (ойын, та-</b></p>                                            | <p>«Өнегелі тәрбие»</p> <p>Еңбек: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".</p>                                                                                                                                  |  |  |  | <p>«Өнегелі тәрбие»</p> <p>Еңбек: "Ойыншықтар мен материалдардың</p>                                                                                      |

|                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>нымдық, коммуника- тивтік, шы- ғармашы- лық, экс- периментал- дық, еңбек, қимыл, бей- нелеу, дер- бес және басқалары)</b></p> | <p>(еңбек, таным, зерттеу іс- әрекеттері)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндет- терін өз бетінше орында- уға үйрету, шамасы ке- летін жұмысты орындау кезінде балалардың ба- стамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жа- сау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қара- уды қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктерге қажеттілік- теріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды су- ару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүр- ту; ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйре- ту.</p> <p>«Менің Қазақстаным»:</p> |  |  |  | <p>тәртібі".</p> <p>(танымдық іс-әрекет, зерттеу, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бала- лардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, әр заттың өз орны жайын- дағы түсініктерін нығай- ту, істі аяғына дейін жа- сауға тәрбиелеу. Заттар- дың қандай материал- дардан жасалғанын өз бетінше анықтап, сапа- лары мен қасиеттерін біліп, күтім жасау, жи- нақтау әдісін таңдауға үйрету; жұмыс мазмұ- нын құра білу қабілетін жетілдіру.</p> <p>"Бір сөздің көп мағына- сы" жаттығуы.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әре- кеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Сөй- легенде көп мағыналы сөздерді қолдану, белгілі</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |   |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Қазақстан Республикасының Ғұнұранын орындау. (музыка, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Қазақстан Республикасының Ғұнұранын орындауда әннің сөздерін анық айту, орташа (қатты) дауыспен ән айту. Дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету, оның маңыздылығын түсінуге жағдайлар жасау.</p> <p>Отансүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.</p> <p>(қарым-қатынас жаттығуы)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар әлеміне бау-</p> | - |  |  | <p>бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту.</p> <p>Сысалы.</p> <p>– Бас – адамның басы; сөздің басы; айды басы; істің басы.</p> <p>– Зор – денесі зор; ойы зор; денсаулығы зор; жатқан жері зор.</p> <p>– Бай – мүлкі көп; бай, ойы терең, бай; жері құнарлы, бай; тілі жақсы сөздерге бай.</p> <p>«Көзіңді жұм, қолыңмен анықта, сипаттамасын бер» жаттығуы.</p> <p>(танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған</p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>лу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br/> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.<br/> Сейткүл Оспанов «Тілегіміз – бейбіт күн».<br/> Педагог тапқақты мәнерлеп оқиды.<br/> Күлімде, күн, күлімде,<br/> Жер жасарып көгерсін.<br/> Кешегідей бүгін де,<br/> Қанат қақсын көгершін.<br/> Күлімде, күн, күлімде,<br/> Бүлдіршіндер қуансын.<br/> Қырдың қызыл гүліндей,<br/> Қолдарына ту алсын.<br/> Күлімде, күн, күлімде,<br/> Күлсін барлық бала шат.<br/> Берекелі бүгіндей,<br/> Бейбіт болсын болашақ.</p> <p>Боямақ суреттермен жаттығулар.<br/> (шығармашылық іс-әрекеті)<br/> Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін</p> |  |  |  | <p>орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.</p> <p>Ойынның мазмұны.<br/> Жүргізуші бір баланы шақырып, оған жасырынған заттардың қасиеттерін, затқа қарамай, анықтауға мүмкіндік беру.</p> <p>Tigtag Junior<br/> Тамақтану<br/> <a href="https://bilimkids.kz/media/video/tamaqtanu">https://bilimkids.kz/media/video/tamaqtanu</a><br/> (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br/> Мақсат-міндеттері. Балалардың адам ағзасы туралы білімдерін дамыту.</p> |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |   |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|---------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                           | беруді жетілдіру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар) қолдану. Берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояуға үйрету. Бейнелеу сапасына көңіл аудару.                                                                                                                                                                                                                                      |  | . |  | Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға баулу.                                                                                                                             |
| <b>Ертеңгілік жаттығу</b> | Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен) (дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1 - құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2 - құрсауды жоғары көтереді; 3 - құрсауды алдына қояды ; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. |  |   |  | Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен) (дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).<br>1 - құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2 - құрсауды жоғары көтереді; 3 - құрсауды алдына қояды ; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.<br>2. Бастапқы қалып: дене |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |   |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>1 - құрсауды жоғары көтереді; 2 - қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3 - құрсауды жоғары көтереді; 4-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.</p> <p>1-2 - отырып, құрсауды алдына шығару; 3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.</p> <p>1 - құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге</p> | - |  |  | <p>тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.</p> <p>1 - құрсауды жоғары көтереді; 2 - қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3 - құрсауды жоғары көтереді; 4-4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.</p> <p>1-2 - отырып, құрсауды алдына шығару; 3 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою.</p> <p>1 - құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2 - бастапқы қалып. Жат-</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |   |   |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|---|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.</p> <p>1-2 - тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).</p> <p>1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> | . | . |  | <p>тығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.</p> <p>5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою.</p> <p>1-2 - тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.</p> <p>6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау.</p> <p>7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау).</p> <p>1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып.</p> |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|---|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



|                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  |   |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-----------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  | . |  | Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Таңғы ас</b> | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде,</p> |  |   |  | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.</p> <p>А. Меңжановтың "Тазалықтың досы".</p> <p>Сылдырлайды сылдыр су.</p> <p>Мөлдір суға қолыңды жу.</p> <p>Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің маңдайың. Тазалықтың досы, Су дегенің осы.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> |

|                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |   |  |                                                                                                                       |
|---------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                 | <p>Асықпаймыз, саспаймыз.<br/>Сүлгімен де орынды,<br/>Пайдалана аламыз.<br/>Шанышқы мен қасықты,<br/>Қалай ұстайм қараңыз.<br/>Тамақтану тәртібін,<br/>Ұстанатын баламыз.<br/>(мәдени-гигиеналық дағ-<br/>дылар)</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |   |  |                                                                                                                       |
| <p><b>Ұйымда-<br/>стырылған<br/>іс-әрекетті<br/>өткізуге дай-<br/>ындық</b></p> | <p>«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br/>«Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Гүлденген көктем" тақырыбына әшекейлеу.<br/>Балалар кітапханасы: көктемде гүлдейтін өсімдіктер фотосуреттер көрмесін ұйымдастыру, тақырып жайында суреттерді, энцик-<br/>лопедияларды қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу:<br/>"Күй күмбірі": "Раушан гүлім" - Қаршыға Ахмедияров <a href="https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-iv">https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-iv</a><br/>«Өнегелі»: Тақырыбы: «Басқаларды құрметтеу не үшін маңызды?» Мақсаты: балаларды басқаларға құрметпен қарауға тәрбие-<br/>леу.<br/>Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауап-<br/>кершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас<br/>іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> |  |   |  |                                                                                                                       |
|                                                                                 | <p>"Қалалар" сөздік ойыны.<br/>(қарым-қатынас іс-әре-<br/>кеті)<br/>Мақсат-міндеттері.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  | - |  | <p>Отан, туған ел туралы<br/>мақал-мәтел жаттау.<br/>(қарым-қатынас іс-әре-<br/>кеті)<br/>Мақсат-міндеттер. Бала-</p> |

|                           |                                                                                                                                                                                                                                                               |  |   |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                           | <p>Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары туралы ұғымдарын байыту. Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың маңыздылығын түсіну. Сөздік қорлы белсендіру. Жапшаң және жылдам ойлау қабылетін жетілдіру.</p> |  | . |  | <p>ларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту; шешендікке баулу, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету, еңбекті бағалауға тәрбиелеу. Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.</p> <p>Отанды сүйу — отбасынан басталады.</p> <p>Отан оттан да ыстық.</p> <p>Отансыз адам — Ормансыз бұлбұл.</p> <p>Туған жердің ауасы да шипа.</p> |
| <b>Кестеге сәйкес ҰІӨ</b> | <p>Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыстарды қайталау"</p>                                                                                                                                                                                                      |  | - |  | <p>Сауат ашу негіздері Дыбыстар. Дауысты, да-</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Мақсат-міндеттер: артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дыбыстардың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні туралы түсінікті қайталау. Сөздерге дыбыстық талдау жасау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты, дауыссыз дыбысын анықтау. Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру.</p> <p>Қазақ тілі<br/>"Әскери қызмет. Халық аузындағы "Үш батыр" ертегісі".<br/>Мақсат-міндеттер: балалардың "Отан", "Туған жер" түсініктерін дамыту; халық аузындағы "Үш батыр" ертегісіндегі оқиғалар тізбегін есте сақтауға үйрету. Етрегі желісі бойынша әңгімелесуге,</p> |  |  |  | <p>уыссыз дыбыстар. Қайталау.<br/>Мақсат-міндеттер. Дыбыс пен әріпті, дауысты және дауыссыз дыбыстарды қайталау. Сөзді буынға бөлуді, аталған сөзді қатыстырып сөйлем құрастыруды қайталау.</p> <p>Сурет салу<br/>"Атқа мінген шабандоз"<br/>Мақсат-міндеттер: балаларды атқа мінген шабандоз баланың суретін салуға үйрету; баланың дене бітімі мен аттың дене көлеміне сәйкестендіру білігін дамыту. Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар</p> |
| <b>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</b> | <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>Домала, доп, домала! (екі қолды айналдыру)</p> <p>Балшыққа тек жолама. (сұқ саусақпен ескерту)</p> <p>Жек көремін оныңды, (сұқ саусақпен оң және сол жаққа серпілту)</p> <p>Бүлдіресің қолыңды. (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру)</p> <p>Секіріп өт ордан да, (екі қолды жұдырыққа түю, кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту)</p> <p>Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырыққа түю, кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту)</p> <p>Қуса күшік жетпесін, (баяу жүгіру)</p> <p>Мәшине басып кетпесін. (мәшиненің рулін айналдыру) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> |  |  |  |                                                                                                                   |
| <b>Бесін ас</b>                                   | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |  |  |  |                                                                                                                   |

|                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b></p> | <p>«Қаржылық сауаттылық».<br/>«Мамандық» дидактикалық ойыны.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттері: балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Балалардың әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту. Материал: әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар. Барысы: бала мамандықты сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың</p> |  |  |  | <p>Дидактикалық ойын.<br/>"Не жасырынғанын айт".<br/>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br/>Шарты.<br/>Алғашында жүргізушінің рөлін педагог, содан соң балалар кезекпен атқарады.<br/>Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, бірақ оны атамайды. Ойыншы балалар жауабын табуға тырысады.<br/>Ойынның басында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым жән нақтылы</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата аналары туралы айтады.</p> <p>"Жаңа сөз және жаңа сөйлем" жаттығуы.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>– Қар – қарлы – ақша қар – қарша қыз.</p> <p>– Қол – қолдау – қолбасшы – қолыстасу – қолтық.</p> <p>– Бас – басшы – бастық – басшылық – қу бас – бастау.</p> <p>– Жар – жартас – Қызылжар – жару – жарлы.</p> |  |  |  | <p>беріп жатады, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді"; "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпалы бар".<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Қағаздан құрастыру жаттығулары. Оригами<br/>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Балалардың қалаулары бойынша, тадалған бейненің сызбасына қарап, қағаздан құрастыру</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|



|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>– Су – ақ су – қызыл су – сулы – сусын – сусылдап – сулау.</p> <p>– Бір – біреу – бірге – бірінші – бірлік – біраз – біркелкі – бірдене.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Спорттық жаттығу залы".</p> <p>(дене тәрбиесі, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігіндегі спорттық жаттығу залы жайындағы ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушы жайында, оның атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды</p> |  |  |  | <p>әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.</p> <p>Театрландырылған қойылым.</p> <p>"Түлкі мен тырна" ертегісі.</p> <p>(қарсы-қатынас, шығармашылық іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың естерінде әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру.</p> <p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  |   |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              | жасай алады: ден-саулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.                                                                                                                                                                                                           |  |   |  | қызығушылығын дамыту. Есте сақтау, ой-қиялдың, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.<br>Құралдар. "Түлкі мен тырна" ертегісіне қатысатын кейіпкерлердің киімдері, маскалары, табакша, құмыра.                                                                                                           |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | Тақпақтар мәнерлеп оқу, жаттау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Балаларды қол жетімді көркем шығармала әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>Жұматай Жақыпбаев "Бейбіт күн".<br>Алаулап гүл тұрады,<br>Туған жер құлпырады,<br>Бейбітшілік болса! |  | , |  | "Бір сөздің көп мағынасы" жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту.<br>Сысалы.<br>– Бас – адамның басы;<br>сөздің басы; айды басы;<br>істің басы. |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Түрленіп бақша, бағы,<br/>Тірлік те жақсарады,<br/>Бейбітшілік болса!<br/>Балалар, болады аман,<br/>Аналар болады аман,<br/>Бейбітшілік болса!</p> <p>«Сөзді аяқта» дидактика-<br/>лық ойыны.<br/>(қарым-қатынас іс-әре-<br/>кеті)<br/>Мақсат-міндеттер. Сөздің<br/>мағынасына қызығушы-<br/>лыққа баулу. Буын тура-<br/>лы ұғымдарды жетілдіру.<br/>Буындардан сөздер құрас-<br/>тыруға (ауызша) үйре-<br/>ту. Сөйлеу тілін дамыту.<br/>Мысалы. Қара - қат, қара<br/>- тал, қара - құс; бала -<br/>пан, бала - қай; ай - на,<br/>Ай - жан, Ай - дын; бас -<br/>тық, бас - тау, бас -қа, т.б.</p> |  |  |  | <p>– Зор – денесі зор; ойы<br/>зор; денсаулығы зор;<br/>жатқан жері зор.<br/>– Бай – мүлкі көп; бай,<br/>ойы терең, бай; жері құ-<br/>нарлы, бай; тілі жақсы<br/>сөздерге бай.</p> <p>Пазлдан суретті құрас-<br/>тыру.<br/>(зерттеу, қарым-қатынас<br/>іс-әрекеті, танымдық,<br/>шығармашылық іс-әре-<br/>кет)<br/>Мақсат-міндеттер. Бір<br/>тұтастың бірнеше бөл-<br/>шектен тұратыны жай-<br/>ында, қоршаған әлемнің<br/>заттары және құ-<br/>былыстары жайында<br/>түсініктерді тиянақтау.<br/>Суреттер бойынша<br/>сипаттау әңгімелерін<br/>құрастыруға баулу. Зей-<br/>інді, ойлау, қабылдау қа-<br/>былетін, қолдың ұсақ<br/>моторикасын дамыту.<br/>Күрделі (пазлы неғұр-</p> |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |  |  | лым көп) тапсырмаларды балалар өздері таңдайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу.</p> <p>«Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.</p> |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Серуен</b>            | <p>Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: көлік құралдарының түрлерін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау-</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |  |  | <p>Жылқыны бақылау.</p> <p>(Жануарды маңайды ұстап күтетін жағдайда)</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бақылау арқылы төрт түліктің (жылқының) пайдасын білуге үйрету. Оны күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттауға ынталандыру. Жануарларды</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |          |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>ға үйрету; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру. Ересектердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Жұмбақ</p> <p>Төрт аяғы дөңгелек,<br/>Резеңкелі әңгелек.<br/>Жылжып кетсе дөңгелеп,<br/>Дыбыстайды гүрілдеп.<br/>(Көлік)</p> <p>Көліктерді жеке меншік, жүк көлігі, қоғамдық көлік араларындағы айырмашылықты, содан соң ұқсастықты табуды ұсыну. Жол ережелерін, қоғамдық көліктегі мәдениет ережелерін қайталау.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: үлескені тазалау.<br/>(еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Шама-</p> | <p>-</p> |  |  | <p>белгілері бойынша салыстыруға үйрету; бақылау дағдыларын дамыту; жануарларға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.</p> <p>Ер қанаты - ат.</p> <p>Жылқының үсті - жел, асты - сүт.</p> <p>Жылқы - малдың паштасы,<br/>Түйе - малдың қасқасы.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қоқыстан тазарту.<br/>(еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке,</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|--|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>сы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, тазалық сақтауға, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».</p> <p>Қазақтың ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар»</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Ойын ережесін бұзбай ойнауды, жетекші болуды жетілдіру.</p> <p>Лақтырудан меңгерген қимыл дағдыларын, жалтарып жүгіруді жетілдіру. Жылдамдыққа, шыдамдылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау.</p> |  |  |  | <p>көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойынның ережелеріне сай ойнауды, жетекші бола білуді жетілдіру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлай білуге, жалтарып, жылдам жүгіре білуге баулу. Физикалық қасиеттерді (жылдамдықты, шыдамдылықты, ептілікті) жетілдіру.</p> <p>"Допты ұстап ал да лақтыр" қимылды ойын-жаттығуы.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                     |  |   |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>"Жұптар биі" қимылды жаттығуы.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қолдарынан ұстап, жұптарымен айнаруды үйрету. Тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау.</p> |  | . |  | <p>Мақсат-міндеттер. Баскетбол элементтерін меңгерту. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру.</p> <p>«Экологиялық тәрбие».</p> <p>Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым тапсырмалар: гербарий жасау.</p> <p>(зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ересектердің тапсырмасын жауапкершілікпен және өз бетінше орындауға үйрету. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін туғызу. Өсімдіктерге аллергиясы бар балаларды ескеру, басқа тапсырманы беру.</p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |                                                                |  |  |
|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|----------------------------------------------------------------|--|--|
|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  | <ul style="list-style-type: none"> <li>•</li> <li>•</li> </ul> |  |  |
| <b>Серуеннен оралу</b> | <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын</p> |  |                                                                |  |  |



|                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-----------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                 | жетілдіру.<br>«Үнемді пайдалану». Жуынууда судың мөлшерін ұқыпты, үнемді пайдалануға дағдыландыру, өз әрекеттерін қадағалауға үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|  | <p>естуді дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> | <p>кеті)<br/>         Мақсат-міндеттері.<br/>         Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br/>         – Қар – қарлы – ақша қар – қарша қыз.<br/>         – Қол – қолдау – қолбасшы – қолыстасу – қолтық.<br/>         – Бас – басшы – бастық – басшылық – қу бас – бастау.<br/>         – Жар – жартас – Қызылжар – жару – жарлы.<br/>         – Су – ақ су – қызыл су – сулы – сусын – сусылдап – сулау.<br/>         – Бір – біреу – бірге – бірінші – бірлік – біраз – біркелкі – бірдене.</p> | <p>немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. "Жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> | <p>«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.<br/>         (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br/>         Мақсат-міндеттер.<br/>         Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br/>         Буын туралы ұғымдарды жетілдіру. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлеу тілін дамыту.<br/>         Мысалы. Қара - қат, қара - тал, қара - құс; бала - пан, бала - қай; ай - на, Ай - жан, Ай - дын; бас - тық, бас - тау, бас - қа, т.б.</p> | <p>Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы.<br/>         (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br/>         Мақсат-міндеттері. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. Балаларға ұнаған суреттердің негізінде жаңа ертегі немесе оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту.</p> |
|--|--------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу.</p> <p>«Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Серуен</b>            | <p>«Қауіпсіздік». Арнайы көліктер. Жол полициясы көлігін бақылау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Арнайы көлік құралдарының түрлерін (жол полициясы көлігін) ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер (және полиция қызметкері) еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету;</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <p>«Экологиялық тәрбие». Ағаштардың шырын бөлген уақытын бақылау.</p> <p>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас, зерттеу, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Туған өлкенің көктем мезгіліндегі өсімдіктері (ағаштар) туралы түсініктерін кеңейту, "орман", "шалғын" және "бақша" ұғымдарымен таныстыру. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байла-</p> | <p>Қарлығаш құсын бақылау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жыл құстары туралы ұғымдарын тиянақтау. Құстар тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктер, жәндіктер); үн қатады; жылы жақтан өлкеге қайтып келеді, ұя салады, балапан басады.</p> | <p>Ағынды су немесе шалшықтағы суды бақылау.</p> <p>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өлі табиғат құбылыстары (су) туралы білімдерін тиянақтау. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды байқату, түсіндіру. Судың жиынтық күйі туралы түсінік қалыптастыру. Сұрақтарды дұрыс</p> | <p>Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: көлік құралдарының түрлерін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру.</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>жол қауіпсіздігі ережелерін бекіту; сөздік қорды молайту.</p> <p>Арнайы көлік түрлерін қайталау: «жедел жәрдем», өрт сөндіру, көше тазалайтын су себетін, жол полициясы көліктері.</p> <p>Арнайы көліктерде көк түсті шам жанып, кейбірінде қосымша сирена қосылып тұрады.</p> <p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=YXiluDnHpsI">https://www.youtube.com/watch?v=YXiluDnHpsI</a></p> <p>Жұмбақ</p> <p>Ала таяқ ұстаған,<br/>Жол тәртібін нұсқаған,<br/>өмірінді күзеткен,<br/>Ысқырықпен түзеткен.<br/>(Жол полициясы)</p> <p>Балалардан жол полициясы көлігінің қандай жағдайда аса қажет екенін, себебін сұрау.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек</p> | <p>ныстарды ажырату. Шырынның бөлу табиғат құбылысы (маусым, өсімдік) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды байқату, түсіндіру.</p> <p>Табиғатты аялауға баулу, экологиялық білім негіздерін қалыптастыру.</p> <p>Көк орманда көп ағаш. Өскен жақсы аралас. Ең әдемі меніңше Құс ұясы бар ағаш. Бақылау. Балалардың назарын ағашқа аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл жағдай көктемде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді.</p> | <p>Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап бере білуді жетілдіру.</p> <p>Қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Серікбай Оспанов "Қарлығаштар"</p> <p>Кезек-кезек шөп әкеліп, Ұлпа жүнді көп әкеліп, Таңдап алып қия жарды, Қарлығаштар ұя салды. Ешкімменен таласпады, Күнде естілер жарасты әні.</p> <p>Мен де соны жаратамын, Жақсы көрем балапаннын.</p> <p>Қарлығаштар тамақ теріп, Барлық жерді шарлап көріп, Үйге қарай зуылдайды, Балапандар шуылдайды. Ауыздары ашылады, Тамақ жеуге асығады.</p> <p>"Қу түлкі" қимыл-қозға-</p> | <p>қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап бере білуді жетілдіру.</p> <p>Судың табиғатқа, өсімдіктер мен жан-жануарға, адамға деген пайдасы және зияны жайында талқылау.</p> <p>Бүбішхан Тікебаева "Көктем"</p> <p>Анашымның күлкісіндей – шуақты, Көктем келді, сылдырлатып бұлақты. Құстар ән сап, шағалалар шарықтап, Бәйшешектер басып кетті қыратты.</p> <p>Ой-хой көктем, неткен сұлу, көрікті ең. Мыңғыраған малды көрдім өрістен. Жатқан мына кең даланың төсінде. Жан-жануар тіршілікпен келіскен.</p> | <p>дыру. Ересектердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Жұмбақ</p> <p>Төрт аяғы дөңгелек, Резеңкелі әңгелек. Жылжып кетсе дөңгелеп, Дыбыстайды гүрілдеп. (Көлік)</p> <p>Көліктерді жеке меншік, жүк көлігі, қоғамдық көлік араларындағы айырмашылықты, содан соң ұқсастықты табуды ұсыну. Жол ережелерін, қоғамдық көліктегі мәдениет ережелерін қайталау.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: самалжайды тазалау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер.</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: үлескені тазалау.</p> <p>(еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, тазалық сақтауға, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>"Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды бірігіп, тандалған бағытта шеңбер бойымен жүре бастап, бір адамдай белгі бойынша біртіндеп жүгіруге дағдыландыру. Ептілікке, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын алдында қауіпсіздік ережелерін бекіту.</p> | <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаске аймағына ағаштардан түскен ұсақ өсімдік қоқысты қорапқа жинау.</p> <p>(еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>"Айналып секір" қимылды жаттығуы.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> | <p>лыс ойыны.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойынның ережелеріне сай ойнауды, жетекші бола білуді жетілдіру. Кеңістікті бағдарлай білуге, жалтарып, жылдам жүгіре білуге баулу. Физикалық қасиеттерді (жылдамдықты, шыдамдылықты, ептілікті) жетілдіру.</p> <p>"Допты ұстап ал да лақтыр" қимылды ойын-жаттығуы.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Баскетбол элементтерін меңгерту. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру.</p> | <p>Күн жылынды, мақпал жерге гүл өсті,<br/>Сандуғаштар сайрап әнге ілесті,<br/>Келді көктем ән салып тұр бұлақтар.<br/>Табиғатпен бөліскендей үлесті.</p> <p>Теңіз жатсын буырқанып, бұлқынып,<br/>Жасыл көктем тұршы осылай құлпырып.<br/>Нөсерлегіп жаңбырыңды жауып өт,<br/>Қалсын менің көңілімде жыр тұнып!</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаске аймағына ағаштардан түскен ұсақ өсімдік қоқысты қорапқа жинау.</p> <p>(еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> | <p>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, тазалық сақтауға, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы».</p> <p>Қазақтың ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны: «Аңшылар».</p> <p>(дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Ойын ережесін бұзбай ойнауды, жетекші болуды жетілдіру. Лақтырудан меңгерген қимыл дағдыларын, жалтарып жүгіруді жетілдіру. Жылдамдыққа, шыдамдылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Қауіпсіздікті қадағалау.</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                              |
|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | <p>Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. (Д. Ахметова)</p> <p>"Допты түсіріп алма" қимылды ойын-жатығыуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Баскетбол элементтерін меңгерту. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <p>Тұрған орнында айналып секіру. Тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау.</p> <p>"Көпір үстіндегі кедергілер" қимылды жатығыуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту. Тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау.</p> | <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүлзардағы гүлдерді суару. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдану ережелерін бекіту.</p> | <p>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>"Жұптар биі" қимылды жаттығыуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Қолдарынан ұстап, жұптарымен айнаруды үйрету. Тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау.</p> | <p>"Құрсаудан өт" қимылды жаттығыуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Өртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту.</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b> | <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                              |

|                 |                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-----------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Бата беру Сұрасаң бата берейін Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң Көп тілекті төгейін Дастарханың мол болсын Уайым қайғың жоқ болсын Сұрағаның алдыңнан Іздемейақ көп болсын Әумин</p> | <p>еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Тиін жаңғақ жарады, Ешкі шөп жеп барады. Құстар дәнді шоқиды, Ұлу отыр қоқиып. Сүйекті жеп күшігім, Ара балды сорады. Жемге тойған бұзауым, Қамаулы тұр қорада. Ботқа жеймін дейсің бе?</p> | <p>қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Ірімшікті кеміріп, Тышқан отыр керіліп. Мысық сүтті ішіп ап, Бет жумайды ерініп. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | <p>еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Көркем сөз Ыстық құймақ пісірдім, Тәрелкеме түсірдім. Дәмді болды құймағым, Құйып жедім қаймағын. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> | <p>қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Ірімшікті кеміріп, Тышқан отыр керіліп. Мысық сүтті ішіп ап, Бет жумайды ерініп. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p> |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                 |                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                  |
|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                   | (мәдени-гигиеналық дағдылар)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Қазір жасап беремін.<br>Сүт ботқасын көп жесең,<br>Жылдам өсіп кетесің.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар)         |                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                  |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>                              | Ертегінің желісіне қызығушылық танытады.<br>"Сауысқан мен көкек" ертегісін оқып беру.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Ертегінің желісіне қызығушылық танытады.<br>"Жыл мезгілдері" ертегісін оқып беру.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br><br>Аудио тыңдау<br>М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні».<br>(музыка) | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Жер кіндігі» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)<br><a href="https://bilimkids.kz/media/video/zer-kindigi">https://bilimkids.kz/media/video/zer-kindigi</a><br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br><br>Аудио тыңдау<br>М.Беспаевтің «Әлди, әлди әні».<br>(музыка) |
| <b>Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары</b> | Балаларды ояту.<br>Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді.<br>Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу.<br>Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды.<br>Көркем сөз<br>Түскі ұйқы уақыты,<br>Төсегіме жатамын.<br>Ақ көрпемді жамылып |                                                                                                                 |                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                  |

|                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                               | <p>Тәтті ұйқыға батамын.</p> <p>Тыныш музыка қосылады, оған балалар біртіндеп оянады.</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене тәрбиесі)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                                               | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b> | <p>Сурет салудан ойын-жаттығулар.</p> <p>"Жазғы демалыс" (шығармашылық іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жазғы демалыс туралы ұғымдары мен ой-қиял жасау нәтижесінде, өз еркімен қағаз бетіне сюжетті жоспарлап, салуға үйрету.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қауіпсіздік».</p> <p>Ұлттық ойын "Бес тас".</p>                                                                                                                                                                                                                              | <p>"Жаңа сөз және жаңа сөйлем" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>– Қар – қарлы – ақша қар – қарша қыз.</p> <p>– Қол – қолдау – қолбасшы – қолыстасу –</p> | <p>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулары</p> <p>"Қош келдің, жаз!"</p> <p>Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру</p> | <p>"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"), оқиғалардың ретін ("алдымен – содан</p> | <p>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулары</p> <p>"Қош келдің, жаз!"</p> <p>Мақсат-міндеттер: жаз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; байланыстырып сөйлеуге, сурет бойынша әңгіме құрастыра білуге үйрету, саусақ жаттығуын жасату арқылы қолдарының ұсақ моторикасын жетілдіру.</p> <p>Көркемсөзді мәнерлеп</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>(таным іс-әрекет, дене тәрбиесі)<br/>         Мақсат-міндеттері.<br/>         Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Ынта мен шығармашылық танытуді қолдау. Санау дағдыларын жетілдіру. Шапшаңдыққа, ептілікке, зеректікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін қайталау.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Балабақша".<br/>         (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br/>         Мақсат-міндеттер.<br/>         Балалардың түсінігінде балабақшаның қызметі, осы мекеме мамандарының негізгі қызметі жайындағы</p> | <p>қолтық.<br/>         – Бас – басшы – бастық – басшылық – қу бас – бастау.<br/>         – Жар – жартас – Қызылжар – жару – жарлы.<br/>         – Су – ақ су – қызыл су – сулы – сусын – сусылдап – сулау.<br/>         – Бір – біреу – бірге – бірінші – бірлік – біраз – біркелкі – бірдене.</p> <p>Дидактикалық ойын. "Жақсы - жаман".<br/>         (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)<br/>         Мақсат-міндеттер.<br/>         Балаларды кез келген зат, қасиет, құбылыс, оқиғаның жағымсыз және жағымды жақтарын жақсы тануға, қарым-қатынастарда, сөйлеуде мақал-</p> | <p>оқу жаттығуы.<br/>         (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br/>         Мақсат-міндеттері.<br/>         Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру.</p> | <p>кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау.<br/>         Байланыстырып сөйлеудің, ойлау қабілетін жетілдіру.</p> <p>"Үш орындық" қимылды ойыны.<br/>         (дене тәрбиесі)<br/>         Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br/>         Шапшаңдықты, ептілікті дамыту.<br/>         Үш орындық ойының кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда жүргізуші отырыңдар</p> | <p>оқу жаттығуы.<br/>         (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br/>         Мақсат-міндеттері.<br/>         Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру.<br/>         Алтай – Жайық арасы – Жарты әлемдей даласы,<br/>         Ол – біздің Қазақстан.<br/>         Кенге толы қойнауы,<br/>         Төлге толы жайлауы.<br/>         Ол – біздің Қазақстан.<br/>         Жастан сүйіп аңсаған,<br/>         Тәтті күй мен кәусар ән.<br/>         Ол – біздің Қазақстан.<br/>         Анамыздай тілеуі ақ.<br/>         Отан бізде біреу-ақ,<br/>         Ол – біздің Қазақстан.<br/>         (М. Әлімбаев)<br/>         Театрлық қойылым.</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>жалпы ұғымдарын тиянақтау, пысықтау; жеке тұлғасының қабілеттерін, нәтижелі қарым-қатынастарды құруға деген қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Балабақшада жұмыс жасайтын мамандардың құралдары (мейірбике, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аспаз, аула тазалаушы).</p> <p>Шарты.</p> <p>Балалар балабақша қызметкерлерін өз еркімен тағайындайды. Мамандардың рөлін ойнайтын балалар өздеріне қажетті құралдарды таңдап алады, белгілі бір бұрышқа жинайды. Тәрбиеленушілер мен мамандардың рөліндегі балалар қайсы, қайда барып, не істейтінін өзара</p> | <p>мәтелдерді қолдануға ынталандыру; дүниетанымын, ой-өрісін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оптимизм сезіміне, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Адам, ауа райы, тәулік, жыл мезгілі құбылысы, зат, жан-жануар салынған суреттер. Ойынның нұсқалары көп.</p> <p>Мақал-мәтелдерге мысалдар: Адам туа жаман болмайды, жүре жаман болады, Бітер істің басына, жақсы келсін қасына, Жақсының қадірін жақсы білер, Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.</p> <p>Балалар өз мысалдарын да айту мүмкін: "Жалғыз жаяу жүріп, жұмыстан</p> | <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой, қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту.</p> | <p>деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа отырып үлгере алмағандар, ойыннан шығады.</p> <p>Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды</p> | <p>"Жыл басына таласқан хайуанаттар" ертегісі. (қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Әйгілі ертегінің мазмұнын балалардың естеріне түсіру, есте сақтау, ой, қиял, эмоциялық, пантомимикалық, қатынастық қабілеттерін дамыту. Соңында педагог балалардан шығарманың немен аяқталғанын анықтайды, кейіпкерлер</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              | <p>ақылдасып, жоспарлап алады.</p> <p>Педагог диалогтар мен қатынастардың нығаюына ықпал жасайды: қосымша сұрақтар қояды, қандай әрекеттерді істейтінін анықтап, балалардың орнын алмасуын бағыттап жатады.</p>                                                                                                   | <p>қалғанша, көп адаммен автобусқа толып, уақытында келу артық";</p> <p>"Қолды жумасаң, тамаққа тез отырасың, қолды жусаң - ауырмасың";</p> <p>"Жаздың жаманы - күні ыстық, жаздың жақсысы - далада достарыңмен көп ойын ойнайсың".</p>                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | <p>қолдану. Балаларға ұнаған суреттердің негізінде жаңа ертегі немесе оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру;</p> <p>шығармашылық ойлауды дамыту.</p>                                                                                                                                                   | <p>әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | <p>Дидактикалық ойын. «Ғажайып нүктелер». (шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Нүктелерді қосып гүлдің суретін салады.</p> <p>Нүктелерді қосып қар ұлпасының суретін шығарады.</p> <p>Саусақ айту жаттығуы.</p> <p>"Топ, топ добым домалақ".</p> <p>(қарым-қатынас, таным іс-әрекеттері)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> | <p>"Кемпірқосақтың түстері" дидактикалық ойыны.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру.</p> <p>Көркемсөзді жаттау жаттығуы.</p> | <p>"Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p>Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алыс – жақын.</p> | <p>Боямақ суреттермен жаттығулар.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Түстер мен олардың реңктерін беруді жетілдіру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар) қолдану. Берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояуға үйрету. Бейнелеу сапасына көңіл аудару.</p> <p>Көркемсөзді мәнерлеп</p> | <p>"Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p> <p>Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алыс – жақын,</p> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |      |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
|  | <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ айту. Артикуляцияны, санау қабілеттерін жетілдіру. Топ, топ, добым домалақ, Қайда кеттің домалап? - Бір, екі, - деп, екі ұрдым, - Шатырға сен секірдің Үш, төрт, бес, - үлгердім Ішіне ендің гүлдердің. Алты, жеті, - дегенде, Жеттің шоршып еденде. Сегіз, тоғыз, он - дедім Сайға сырғып жөнелдің.</p> | <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттер.<br/>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу.<br/>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br/>Қ. Мырза Әли «Не үшін?»<br/>- Екі көзің не үшін керек?<br/>- Жақсыларды көру үшін!<br/>- Екі қолың не үшін керек?<br/>- Елге көмек беру үшін!<br/>- Құлақ деген не үшін керек?<br/>- Ақыл-кеңес тыңдау үшін!<br/>- Жүрек деген не үшін керек?</p> |  | <p>оқу жаттығуы<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға ынталандыру.<br/>Қасым Аманжолов «Балалар — біздің болашақ».<br/>Балалар — біздің болашақ,<br/>Сүйсінеміз, сүйеміз.<br/>Бұл болашақ тамаша-ақ!<br/>Болашаққа иеміз.<br/>Көтеріп жас сәбиді,<br/>«Күлші, бөпе, күл!» — дейміз.<br/>Көңіл дария шалқиды,<br/>Балалармен гүлдейміз.</p> | т.б. |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                 |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <p>- Жауларымнан қыңбау үшін!</p> <p>- Тіл мен жағың не үшін керек?</p> <p>- Ақиқатты айту үшін!</p> <p>- Ал аяғың?..</p> <p>- Шетте жүрсем, Туған жерге қайту үшін!</p>                                                |                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу.</p> <p>«Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.</p> |                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Серуен</b>            | <p>Желді бақылау.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер:<br/>Балалардың өлі табиғат түрі, жел, туралы түсініктерді кеңейту; балаларға желді, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | <p>«Қауіпсіздік». Арнайы көліктер. Жедел жәрдем каретасын (көлігін) бақылау.<br/>(зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер:<br/>арнайы көлік құралдарының түрлерін (жедел жәрдем</p> | <p>Құстардың дыбыстардын тыңдау, бақылау.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жыл құстары туралы ұғымдарын тиянақтау. Құстар тірі тіршілік иесі</p> | <p>Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: көлік құралдарының түрлерін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; әртүрлі мамандықтар:</p> | <p>Құстардың дыбыстардын тыңдау, бақылау.<br/>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жыл құстары туралы ұғымдарын тиянақтау. Құстар тірі тіршілік иесі</p> |



|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>болатынын көрсету;<br/>желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру;<br/>зеректікке, табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру.<br/>Жұмбақ<br/>Кеңесжан Шалқарұлы<br/>Қолы жоқ болса да,<br/>Қақпаны қағады.<br/>Аяғы жоқ болса да,<br/>Алыс жерге барады.<br/>(Жел)<br/>Педагог балаларға жалауларға, бұтақтарға, флюгерге қарап желдің бар не жоқ екендігін байқауға шақырады.<br/>Балалар желді қатты соғып не баяу есіп тұрғанын айтады.<br/>Зерттеу іс-әрекеті:<br/>таяқшаны қағаз сүлгісіне орау, суға салу, суланған ұшын жоғары көтеріп, біраз ұстап тұру.</p> | <p>каретасын) ажырата білу қабілеттерін жетілдіру;<br/>әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер (және жедел жәрдем дәрігері, мейірбикесі) еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жол қауіпсіздігі ережелерін бекіту; сөздік қорды молайту.<br/>Арнайы көлік түрлерін қайталау: «жедел жәрдем», өрт сөндіру, көше тазалайтын су себетін, полиция машиналары. Арнайы көліктерде көк түсті шам жанып, кейбірінде қосымша сирена қосылып тұрады. Осы арнайы көлік жолда барынша жылдам жүру керек.</p> | <p>екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктер, жәндіктер); үн қатады; жылы жақтан өлкеге қайтып келеді, ұя салады, балапан басады. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап бере білуді жетілдіру. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог үндемей тұрып, құстардың дыбыстарын тыңдауды ұсынады. Дыбыстары ажыратылған құстар аталады. Табылған құстарға сипаттама беріледі.<br/>Бүркіт – саңқылдайды, бістәктайды.<br/>Сұңқар – саңқылдайды. Тоқылдақ – тоқылдайды</p> | <p>көлік жүргізушілер еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру. Ересектердің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. Жұмбақ<br/>Төрт аяғы дөңгелек, Резеңкелі әңгелек. Жылжып кетсе дөңгелеп, Дыбыстайды гүрілдеп. (Көлік)<br/>Көліктерді жеке меншік, жүк көлігі, қоғамдық көлік араларындағы айырмашылықты, содан соң ұқсастықты табуды ұсыну. Жол ережелерін, қоғамдық көліктегі мәдениет ережелерін қайталау.</p> | <p>екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктер, жәндіктер); үн қатады; жылы жақтан өлкеге қайтып келеді, ұя салады, балапан басады. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап бере білуді жетілдіру. Қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог үндемей тұрып, құстардың дыбыстарын тыңдауды ұсынады. Дыбыстары ажыратылған құстар аталады. Табылған құстарға сипаттама беріледі.<br/>Бүркіт – саңқылдайды, бістәктайды.<br/>Сұңқар – саңқылдайды. Тоқылдақ – тоқылдайды.</p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Таяқшаның кеуіп қалған жағын байқап, желдің соғу (есу) сағытын табу.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаске аймағына ағаштардан түскен ұсақ өсімдік қоқысты қорапқа жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>"Айналып секір" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> | <p>Қанипа Бұғыбаева "Жедел жәрдем" Жарық шашқан маңдайында алау бар, Айқайлайды түн ұйқысын қашырып. Жол беріндер, жол беріндер адамдар, Жедел жәрдем келе жатыр асығып. Аман атқан әрбір таң ғой жаңалық, Қауіп-көтер толы мынау ғаламда. Өмір алып келеді, ол ауа алып, Ауыр тыныс алып жатқан адамға.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: үлескені тазалау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, бірлескен еңбек</p> | <p>Шағала –шаңқылдайды. Торғай – шырылдайды, шиқылдайды. Қарға – қарқылдайды. Сауысқан – шықылықтайды. Көгершін, үкі – үілдейді. Құр – құрылдайды. Қырғауыл– құрқылдайды.</p> <p>Акку– қиқулайды. Қаз – қаңқылдайды. Тырна – тыраулайды. Үйрек – барқылдайды. Бозторғай – шырылдайды. Бұлбұл – сайрайды. Көкек – көкектейді. Қарлығаш – шықылықтайды. Бөдене – бытпылдайды.</p> | <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: гүлзардағы гүлдерді суару. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін, еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдану ережелерін бекіту.</p> <p>"Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды бірігіп, таңдалған бағытта шеңбер бойымен жүре бастап, бір адамдай белгі бойынша біртіндеп</p> | <p>Шағала –шаңқылдайды. Торғай – шырылдайды, шиқылдайды. Қарға – қарқылдайды. Сауысқан – шықылықтайды. Көгершін, үкі – үілдейді. Құр – құрылдайды. Қырғауыл– құрқылдайды.</p> <p>Акку– қиқулайды. Қаз – қаңқылдайды. Тырна – тыраулайды. Үйрек – барқылдайды. Бозторғай – шырылдайды. Бұлбұл – сайрайды. Көкек – көкектейді. Қарлығаш – шықылықтайды. Бөдене – бытпылдайды.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды</p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Мақсат-міндеттер. Тұрған орнында айналып секіру. Тепе-теңдікті сақтай білуді жетілдіру. Қауіпсіздікті қадағалау.</p> | <p>әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, тазалық сақтауға, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>"Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойынның ережелеріне сай ойнауды, жетекші бола білуді жетілдіру. Кеңістікті бағдарлай білуге, жалтарып, жылдам жүгіре білуге баулу. Физикалық қасиеттерді (жылдамдықты, шыдамдылықты,</p> | <p>"Біз көңілді балалармыз" қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ережені орындай білуді, физикалық қасиеттерді жетілдіру. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу</p> | <p>жүгіруге дағдыландыру. Елтілікке, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойын алдында қауіпсіздік ережелерін бекіту. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. (Д. Ахметова)</p> <p>"Құрсаудан өт" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту.</p> <p>"Айналып секір" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Тұрған орнында</p> | <p>қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>"Біз көңілді балалармыз" қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ережені орындай білуді, физикалық қасиеттерді жетілдіру. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу.</p> |
